



3-сурет. Ылғалдылықты анықтайтын қондырғы

2.5.2 Жұмыстың жасалу тәртібі

Алдымен дәлдігі 0,0001 г дейін болатын аналитикалық таразыда хлорлы кальциймен толырылған U-типті түтікшелерді өлшеп аламыз да, 8-кестеге жазамыз. Сосын 3-сурет бойынша қондырғыны жинап, герметикалығын тексереміз. Барабанды ГСБ есептегішінің көрсеткішін жазып аламыз, үш өлшемді газ кранын (3) ашып, бір уақытта секундомерді қосамыз. Бөлме температурасында қондырғы арқылы 5-10 мин уақыттай 10-50 дм³ газ көлемін жібереміз. Жіберіп болғаннан кейін кранды жауып, есептегіштің көрсеткішін жазып аламыз. Сосын, түтікшені 0,2-0,5 дм³ көлемінде құрғақ газбен желдетеміз. Түтікшелерді шешіп алып, әр қайсысын аналитикалық таразыда жеке-жеке өлшейміз. Тәжірибені сәтті шықты деп есептейміз, егер қорытындылаушы түтікшенің салмағы өзгермесе. Тәжірибеден алынған барлық мәліметтер 9-кестеге жазылады.

8-кесте

Тәжірибеге дейінгі түтікшенің салмағы, г, А ₁ .	Тәжірибеден кейінгі түтікшенің салмағы, г, А ₂	Жұмыстың температурасы, °С	Газдың қысымы, Р, МПа	Жіберілген газдың көлемі, дм ³	Газдың тығыздығы, кг/м ³

Газ құрамындағы су буының мөлшерін келесі формулалар арқылы есептейміз: